

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: білім.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы
Қарағанды облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің
«№19 мектеп – лицейі» КММ
3. Оқшауланған қоғамдық қатынастар саласында қызмет ететін тұлғалардың іс-әрекет (іс-қимыл) ережелері

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру барысында:

- 1) заңдылық ұстанымын, Конституция талаптарын, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу;
- 2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу барысында мемлекеттік органдар, ұйымдар, мемлекеттік қызметшілер және өзге тұлғалар қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбау;
- 3) дау-жанжалды туындататын кез келген мүмкіндікке жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің жүзеге асырылуын қиындататын іс-әрекеттерге (іс-әрекетсіздіктерге) жол бермеу;
- 5) жеке мүліктік және мүліктік емес пайдасына қол жеткізу үшін өзінің лауазымдық өкілеттігін немесе сонымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбау;
- 6) жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін жұмсау, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы, үнемді және өзге құзыретті амалдарын қолдану;
- 7) үнемі өзінің біліктілігі мен кәсіпқойлығын жетілдіру, жалпы мәдениет деңгейін арттыру;
- 8) қызметтік бабын асыра пайдалануға, әлепсіздік, жөнсіз төрешілдік танытуға жол бермеу;
- 9) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде қарау, қажетті шаралар қабылдау;
- 10) өтінішпен жүгінген азаматтардың абыройы мен намысын құрметтеу.

3.2. өзінің құзыреті аясында басқарушылық және өзге шешімдерді дайындау және қабылдау барысында:

- 1) кәсіби этиканы сақтау;
- 2) кейбір тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасауға әрекеттену мақсатында жүгінгені жайында басшылыққа және уәкілетті органға хабарлау;